*Реклама, дискурс, прагматика, акты речи, влияние*

#### **Аннотация**

Знание языка, роль рекламы в формировании массового сознания, типология рекламы, жанровые особенности рекламы, способы и методы повышения лингвистических единиц в рекламном дискурсе, различные типы предложений, используемые для достижения рекламной цели рекламы, лингвистические инструменты, отражающие прагматичность рекламы стилистические и жанровые особенности языковых инструментов и т. д. вопросы рассматриваются.

#### **Keywords**

*Advertising, discourse, pragmatics, speech, influence*

#### **Annotation**

Knowledge of the language, the role of advertising in the formation of mass consciousness, the typology of advertising, the genre features of advertising, the ways and methods of increasing linguistic units in the advertising discourse, the various types of proposals used to achieve the advertising goal of advertising, linguistic tools that reflect the pragmatic nature of advertising stylistic and genre features of language tools and so on questions are considered.

## Теоретични и методологични проблеми на език изследвания

Омарова А.И., Бережная А.

*ШГ №7 г. Тараз Республика Казахстан*

### АНГЛО-АМЕРИКАНИЗМЫ В РУССКОМ МОЛОДЕЖНОМ СЛЕНГЕ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РЕЧЬ СОВРЕМЕННОГО ПОДРОСТКА

Англо-американизм – это слово, заимствованное из английского языка или его американского варианта.

Заимствование – это процесс перемещения из одного языка в другой различных элементов, под которыми понимаются единицы различных уровней структуры языка – фонологии, морфологии, синтаксиса, лексики, семантики.

Наиболее распространенным является лексическое заимствование. Специфика его заключается в том, что слово заимствуется не целиком, как грамматически оформленное слово, а только как часть лексического материала, который получает новую оформленность только в системе и средствами заимствующего языка.

Для вхождения слова в систему заимствующего языка требуются следующие условия:

- передача иноязычного слова фонетически и грамматически средствами заимствующего языка;

- соотнесение слова грамматическими классами и категориями заимствующего языка;

- фонетическое и грамматическое освоение иноязычного слова;

- словообразовательная активность слова;

- семантическое освоение, а именно, определенность значения, дифференциация значений и их оттенков между существовавшими в языке словами и заимствованиями;

- регулярное употребление в речи.

Однако некоторые условия являются необязательными, например, фонетическая и грамматическая ассоциация слова и его словообразовательная активность. Так, в русском языке широко используются слова джем, колледж, досье, атташе, кофе, интервью и многие другие, не ассимилированные грамматически не освоенные фонетически.

Национальный язык в своем реальном существовании есть единство порядка и хаоса, и именно этим обеспечивается его гармоничность и жизнеспособность. Нельзя полностью устранить из языка консервативное и упорядочивающее начало, не поставив под угрозу само существование общества и социальных форм организации; в то же время искоренение всех деструктивных

их аотических элементов превратило бы язык в застывшую, мертвую схему, лишенную способности к развитию. Одним из таких «беспокоящих» факторов на современном этапе развития русского языка является молодежный сленг.

Само слово «сленг» происходит от английского «slang»—жаргон и несет в себе понятие молодежного сленга как совокупности диалектов, разговорной и бытовой речи молодежи.

Сленг молодых людей в Казахстане, как и общий жаргон, неоднороден, оно хватывает почти все сферы жизни. Жаргон сосредоточен на человеке -сферах его бытия, отношениях с другими людьми. Часто бывает так, что жаргонные слова, используемые молодёжью, «переселяются» в речь взрослых людей и становятся ее неотъемлемой частью.

Сначала XX века отмечены трибунные волны в развитии молодежного сленга. Первая датируется 20-ми годами, когда революция и гражданская война, разрушив до основания структуру общества, породили армию беспризорных, и речь учащихся подростков и молодежи, которая не была отделена от беспризорных непроходимыми перегородками, окрасилась множеством «блатных» словечек.

Вторая волна приходится на 50-е годы, когда на улицы и танцплощадки городов вышли «стиляги». Появление третьей волны связано не с эпохой бурных событий, а с периодом застоя, когда удушливая атмосфера общественной жизни 70-80-х породила разные неформальные молодежные движения и «хиппующие» молодые люди создали свой «системный» сленг как языковой жест противостояния официальной идеологии.

Что оказывает влияние на сленг современной молодежи?

Развитие компьютерных технологий. Интернет, его широкие возможности, быстро развивающиеся компьютерные технологии всегда привлекали молодых людей.

Современная музыкальная культура. Одно из увлечений молодёжи - музыка. Она является частью жизни молодых людей. Современная музыка—смесь различных культур, музыкальных направлений, результат композиторских экспериментов. Среди молодёжи сейчас более популярна зарубежная музыка, а русские исполнители и композиции порой воспринимаются недоверчиво и с презрением.

Английский язык в молодёжных кругах считается самым «модным» и самым перспективным для изучения. Многие молодые люди знакомы с ним. Поэтому многие молодёжные жаргонизмы-это слова, которые заимствованы с английского языка, но так и не переведены на русский язык.

Компьютерные игры, видео, мультфильмы. Очень много жаргонных слов приходит в речь молодёжи из компьютерных игр, но чаще всего эти слова специфичны в использовании, ими пользуются, в основном, молодые люди, для которых игры-хобби. Подростковый или, по-другому, школьный сленг можно услышать в любом дворе, где встречаются ребята, примерно, одного возраста до 15-16 лет. Сленги подростков(примеры): лафа, катать вату—бездельничать;

стыбрил, спер–украл, списал; тича – от «teacher»(учитель). Сленг, который активно использует современная молодёжь -своего рода

Протест против окружающей действительности, против типизации стандартизации.

Это отражается и во внешности молодых людей(шокирующие прически, одежда, пирсинг, тату). Так молодой человек выделяется из толпы. Главной чертой молодёжного сленга является.

Постоянная эмоциональность, экспрессивность, оценочность и образность речи молодых людей. Вместе с речью развивается и постоянно обновляется молодёжный жаргон. Это способствует общей динамике русского литературного языка.

Язык любого народа–это живой организм. Ярким доказательством его жизнеспособности является постоянно изменяющаяся лексика: архаизмы и устаревшие слова выходят из употребления, расширяется значение имеющихся слов, возникают новые слова–неологизмы, которые образуются либо средствами самого языка, либо заимствуются у других лингвистических систем. Здесь следует отметить, что процесс заимствования слов из других языков в полнее естественен и обычен, также как естественны и обычны контакты между народами–политические, торговые, культурные. А в наше время интенсивного межъязыкового общения–тем более.

Заимствованиям с одного языка на другой способствуют:

- 1) легкое и быстрое перемещение туристов;
- 2) много численные международные контакты;
- 3) везде сущность средств массовой информации.

В последнее время, по статистике ученых-лингвистов разных стран, наибольшее количество заимствований происходит с английского языка и сего американского варианта.

Сегодня лингвисты выделяют три основные группы людей, говорящих на английском, в зависимости оттого, какую роль этот язык играет в их жизни. Центральную группу составляют американцы, британцы, ирландцы, канадцы, австралийцы и новозеландцы(320-380 миллионов), то есть те, для кого английский – родной язык. Вторая группа-это все, кто пользуется английским как не родным, но в чьих государствах этот язык считается вторым официальным: жители Индии, Сингапура и более 50 других стран мира(150-300 миллионов). Третью группу составляют народы тех стран, которые исторически не подвергались физической колонизации, но испытывают мощное культурное влияние английского. Это страны Европы, Китай, Япония, Греция, Польша (от 100 до 1000 миллионов человек).

Заимствования из этого языка получили столь широкий размах, что ученые-лингвисты присвоили им отдельный термин – «англо-американизмы». Как подтверждение этого явления С.И.Ожегов «Словаре русского языка» трактует англицизм как слово или оборот речи, заимствованные из английского языка. Английский язык относится к небольшому числу языков, заимствования

из которых получили свой собственный термин.

**Литература:**

1. Агузарова К., Молодежный сленг. // Дарьял. - №6. 2004.
2. Анохина С.В. Активные процессы современного слово производства, 1999г. стр.7-10
3. Джеус Н.А. Лексико-семантическое словообразование в молодежном сленге., 2008.-171с.

## Методи и техники за контрол на нивото на владеене на чужд език

Сайфуллин Д.Н.

*ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімі маманы*

### АЛҒАШҚЫ АРАБ ЛЕКСИКОГРАФТАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОР ЖИНАУ ТӘСІЛДЕРІ

Әрбір тілдің сөздік қоры – сол халықтың тарихының, тұрмысының, әдет-ғұрпы мен мәдениетінің, халықтың материалдық және рухани қазынасының айнасы. Себебі ұлттың болмысы оның тілінде көрініс табады. Кез келген тілдегі толық түсіндірме сөздіктердің жасалу жайын бағдарлап қарасақ, олардың негізгі мақсаты – тілдің сөздік қорын мүмкіндігінше толық қамту, сөздің мағынасын кеңінен ашу болған екен. Сонымен қатар сөздерді жинау тәсілдері де әртүрлі болып келеді. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасауға А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында көп жылдар бойы (1937 жылдан бері) жиналған картотека қоры негізгі тілдік база болды [1]. Ал біз зерттеп отырған араб тілінде лексикография араб тіл білімінің алғашқы әрі нәтижелі саласы деп есептеледі. Сондықтан араб лексикографиясындағы сөз жинау жұмысының, сөзтізбенің жасалу жолы мен тарихының өзіндік ерекшеліктері бар.

VII ғасырда Араб түбегінің аты Ислам дінінің арқасында бүкіл әлемге тарады. Құран арабтардың әдеби тілінің ең ұлы шығармасы ретінде мойындалып, бүкіл тілдік заңдылықтар Құран тіліне негізделе отырып, жасалды. Осы жүйемен араб әдеби тілі қалыптасты. IX-X ғасырларда әртүрлі араб диалектілерінің пайда болуымен және Ислам дінін қабылдаған басқа ұлт өкілдерінің араб тілін үйренуге деген құштарлығының артуымен ғалымдардың алдында араб әдеби тілі – Құран тілін әртүрлі диалект және кірме сөздерден сақтап қалу проблемасы тұрды [2, 14 б.]. Сол себептен араб лингвистері әдеби тілдің сөздік қорын қағаз бетіне түсіруді қолға алды.



Орыс ғалымдары Ф.М.Березин [2, 14 б.] мен В.С.Рыбалкиннің пікірінше, арабтар сөздік құрастыру идеясын Александриялық эллинистік мектептен, ал тілдің сөздік материалы мен жұмыс істеудің кейбір тәсілдерін санскрит лексикографиясынан алған. В.С.Рыбалкин: «Видимо, идея словаря арабы больше обязаны александрийской эллинистической школе, а ряд практических приемов обращения с лексическим материалом языка был воспринят ими из санскритской лексикографии», – дейді [3, 10 б.]. Ол сонымен қатар "Китәб әл-Айн" да санскрит тілінде жасалған сөздіктер негізінде жасалған деп ескертеді, бірақ лексикографиялық ойлардың көне дәуір мен көне үнді мәдениеттерінен орта ғасырдағы араб мәдениетіне өту жолдары мен уақытын дәл айту қиын. Гректер, санскриттер және арабтарда бұл жайлы ешқандай құжат немесе дәйектер сақталмаған, сол себептен ғалым өзінің бұл ойын тек болжам, гипотеза деп тоқтатады. Біздің пікірімізше, бұл жорамалды әлсірете түсетін бір-екі фактілер бар. Олар:

1. Халил ибн Ахмад әл-Фараһиди «Айн» сөздігін арабтардың Үнді мәдениетімен байланысы орнамай жатып жазған.

2. Санскрит тілі өлі тілдер тобына жататындықтан, Халил оны санскрит тілін білетін ұстаздан үйренуі қажет және ғылыми әдебиеттер дәстүрі бойынша міндетті түрде өз ұстазы жөнінде бірер мағлұмат берер еді. Өйткені араб-мұсылман мәдениетінде шәкірт өзі білім алған ұстаздарды атап отыру, олар туралы мағлұмат беріп жүру білім алудың маңызды шарттарына жататын. Бұл тек діни ғылымдарға ғана емес, барлық ғылым салаларында орын алған дәстүр еді. Ал Халил ұстаздарының арасынан біз санскрит тілін білетін бірде-бір ғалымды кездестіре алмаймыз.

3. Батыс елдері, сондай-ақ кеңес өкіметі мен Ислам әлемі арасындағы теке-тірес кейбір ғалымдардың ғылыми шындықтан айналып өтуіне бастады, мұсылман ғалымдарының еңбектерін жоққа шығаруға тырысты.

4. Орта ғасырдағы араб тарихшылары мен библиографтары араб лексикографиясының өз бастауы бар деп есептеді. Сол себептен де оны علوم القديمة

Улум әл-қадиманың «көне ғылымдар» (Ислам мәдениетінің өркендеуіне дейін болған ғылымдар) тобына емес, علوم العرب Улум әл-араб «араб ғылымдары» (Ислам келгеннен кейін пайда болған ғылымдар) тобына жатқызды. Егер сөздік жасау тәсілі эллинистік мектептен не болмаса санскрит тілінен алынған болса, ғалымдар оны ғылымның алғашқы тобына қосар еді, болмаса бұл мәселе төңірегінде сол ғасырлардан бері дау өз жалғасын табар еді. Алайда ондай дереккөз кездеспейді.

Міне, осы айтылғандарға сүйене отырып, Халилдің «Айн» сөздігін автордың "төл жаңалығы" ретінде атай аламыз. Бірақ бұл арабтарға дейін де басқа халықтардың, оның ішінде грек, шумер және үнділердің сөздік құрастырумен айналысқанын жоққа шығармайды. Яғни әр халық сөздік құрастыруда өзіндік дәстүрін қалыптастырған деп айта аламыз. Қай халықтың болсын, сөздік құрастыруындағы негізгі мақсат – діни дереккөздердің тілін сақтау болатын. [4, 18 б.].

Араб әдеби тілінің тазалығын сақтап қалу және Құран тілінің өзгеріске түспеуін қамтамасыз етуді өздеріне міндет әрі мақсат етіп алған мұсылман ойшылдары Араб түбегінде шашырап орналасқан араб тайпаларын аралап, тілі өзге тілдің әсеріне ұшырамаған тайпалардан әдеби тілдің сөздік қорын жинауға кірісті. Хижа жыл санауы бойынша, II ғасырдың алғашқы ширегінде көптеген араб лингвистері сөз жинау үшін шөлді аймақтарға сапар шекті. Олар бәдәуи араб тайпаларының ауызекі тілін, қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерін жинай бастады. Осылайша араб тіл білімінде алғашқы сөздік жасау ісі қолға алынды. Ғалымдардың сөз жинауға аса көңіл бөлгендерін байқаған араб бәдәуи тайпалары шөлді, сахаралы аймақтардан сол замандағы мәдениет, өркениет, ғылым орталығына айналған Басра және Куфа қалалары орналасқан қазіргі Ирак мемлекетінің оңтүстік аудандарына қоныс аудара бастады. Себебі олар өздерінде бар лексика қорын, сөздерді лингвист ғалымдарға сату ісімен айналысып, пайда көргілері келді. Бірақ ғалымдар кез келген сөзді тексерусіз, талғаусыз ала бермейтін. Сөзтүзушілер белгілі бір ортақ қағидаттар мен принциптерге сүйеніп

жинауды қалыптастырды [5, 95 б.]. Кейіннен араб лексикографтарының бұл тәсілін түркіше-арабша энциклопедиялық түсіндірме сөздігін құрастырғанда Махмуд Қашқари да қолданып, түркілер мекендейтін аймақтарды шарлап, түркі тайпаларының тілдерін зерттеп, олардың сөздік қорларын сөздігіне арқау еткен еді.

Араб лингвист ғалымдарының алдарына қойған мақсаты – әдеби тілде бар сөздерді жинау, диалект және кірме сөздерден алшақ болу болды. Осы мақсатты орындау үшін мына тәсілдерді қолданды:

1. Сөзді әдеби тілдің қаймағы бұзылмаған тайпа, ру тілдерінен алу.
2. Диалектілері әдеби тілден алшақтаған, шұбарланған тайпа, ру тілдерінен сөз алмау.
3. Сөзді, сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді тек қана әдеби тілді шебер меңгергендерден алу.

Осы тәсіл II ғасырда ғалымдардың сөз жинауда ұстанған басты бағыты болды. Лингвистер قيس қайс, تميم тәмим, أسد әсәд, هذيل һузәйл, كنانة кинәнә және طيء тайпаларының кейбір әулеттеріне немесе руларына басты назар аударды. Себебі бұл тайпалар көшпенді бәдәуи, әдеби тілді жақсы сақтаған, әрі тілдері кірме сөздерден таза болатын. Лингвистер отырықшы қала тұрғындарынан сөз алмайтын. Өйткені қала тұрғындары көршілес басқа тіл иелерімен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан, тілдерінде азды-көпті шұбарлық байқалатын. Сол сияқты өзге халықтармен шекаралас тұратын көшпелі тайпа иелерінен де сөз жинаудан мейлінше сақтанатын. Себебі олардың тілі де әдеби тілден алшақтауы әрі шұбарлануы мүмкін деп есептеледі. Мысалы:

1. لحم ләхм мен جذام жүзәм тайпалары Мысырға (Египет) көрші қоныстанғандықтан, олардың тілінде копт тілінің элементтері болуы ықтимал.

2. قضاة қадаға, غسان ғассан және أياد аяйд тайпалары солтүстік батыстағы Шам (қазіргі Сирия, Ливан, Иордания, Палестин мемлекеттері орналасқан аймақ.) тұрғындарымен көрші болған. Сондықтан ғалымдар олардың да тілдеріне күдікпен қарады.

3. Сөз жинаушы ғалымдар تغلب тағләб тайпасының Мысыр, Шам және Ирактық басқа тіл өкілдерімен қоян-қолтық араласып кетуіне байланысты сөз алмады.

4. II ғасырдағы лексикографтар Йемендегі араб тайпаларынан және Араб түбегінің шығысында орналасқан тайпалар тілінен сөз алмады. Оның себебін Йемен тайпалары және Араб түбегінің шығысында орналасқан тайпалар Эфиопия мен Үнді тілдерінің әсеріне ұшырағандығымен түсіндіреді. Алайда академик Махмуд Фаһми Хижази: «Йемен тайпаларының тілі әдеби тіл және II ғасырдағы сөз жинаушы лингвист ғалымдардың тек орталық Арабиядағы тайпалардың тілімен шектеліп қалуы оларды көптеген тілдік құбылыстарды зерттеуден алшақтатты, олар тілдің дамуы мен өзгеріске түсуін басқа тілде сөйлейтіндермен араласу себебінен туған құбылыс деп есептеуге алып барды», – дейді [5, 96-97 бб.]. Дегенмен ғалымдар тілдік құбылыстарды ғана зерттеуді мақсат етпеді және өз міндеттерін тыңғылықты орындап шықты деуге болады. Олар әдеби тілдің ғана бар сөз қорын жинауды көздегендіктен, тілдің даму, өзгеріске түсу құбылыстарына жете назар аудармаған.

Ғалымдардың осындай ыждаһатты еңбектерінің арқасында араб тілі лексикографиясының негізі қаланды. Ғалымдардың сахараны аралап, сөз жинау еңбектерінің нәтижесінде дүниеге ғылыми құндылығы жоғары сөздіктер келе бастады. Белгілі ұғымға қатысты лексикадан құралған кішігірім тематикалық сөздіктер кеңінен таралды. Олар ортақ ұғымды беретін әрі мағынасы жақын сөздердің ерекшеліктерін көрсететін түсіндірмелі сөз жинағы мен сөз тіркестерінен құралған. Осындай сөздіктерді құрастырған أبو عبیده Әбу Убәйда (һ.ж.б. 728-825) кейбір деректерге қарағанда, жүзге тарта еңбектің авторы болып табылады. Оның كتاب الخيل "Жылқы кітабы" жаһилият (Исламға дейінгі дәуір "жәһилият дәуірі" деп аталады.) заманындағы арабтардың жылқыға деген құштарлығы мен Пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған сәлемі мен салауаты болсын) жылқыға үлкен баға бергенінен басталады. Кейіннен жылқы мүшелерінің атаулары, айғыр, бие сындары, арабтар жақсы көретін жылқы

атаулары, жылқы түсі, шабыс атаулары, аттың кісінеуі, оларды шақыру үшін қолданылатын одағайлар келтіріледі. Сонымен қатар жайлау жылқыларымен бірге құс атаулары да айтылады. Еңбектің соңғы беттерінде әл-Кама, Имру әл-Қайс, Жарир зул-Хайра, Тарафа және т.б жәһилият дәуіріндегі араб ақындарының еңбектерінде кездесетін жылқыға байланысты өлең жолдары, поэтикалық үзінділер келтіріледі [6, 11 б.].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974. – I т. – 699 б.
2. Березин Ф.М. История лингвистических учений. – М.: Высшая школа, 1975. – 304 с.
3. Рыбалкин В.С. Арабская лексикографическая традиция. – Киев: Наукова думка, 1990. – 146 с.
4. Мухиддинов Рашид Сражанович. "Диуан луғат әт-турк" және араб лексикографиясы: тарихи негіздері мен теориялық принциптері... дисс. - Алматы, 2010. – 144 б.
5. Махмуд Фаһми Хижази. Илм луға әл-арабия. – Каир: Дәр әл-ғариб. – 320 б.
6. Қыдырмин Қ.Қ. Араб лексикографиясының даму тарихы: филол. ғылым. магистрі ... дисс. – Алматы, 2004. – 75 б.

**Туризм-126 тобы студенті Мақаш Н.**  
(Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Досанова А.Ж.)

*«Esil University» мекемесі, Астана қаласы, Қазақстан*

## **КӨПТІЛДІЛІК – БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ**

Жаһандану заманына сәйкес әлемнің көптеген елдері бір-бірімен саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени байланыстар жасауға кеңінен бет бұрды. Осының нәтижесінде бірнеше тілді меңгерудің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Көптілді білу – бүгінгі жастардың білім кеңістігінде еркін самғауына, әлемдік ғылым құпияларына терең үңіліп, өз қабілетін толық қолдана білуге мүмкіншілік беретін заман қажеттілігі болып отыр. Дегенмен еліміздегі мемлекеттік тілдің алатын орны бөлек екенін ұрпақ санасына жеткізе білу қажет. Олай дейтініміз, қай елде болмасын, алдымен баланы туған тілінде ойлап, туған тілінде сөйлеуге дағдыландырғаннан кейін ғана өзге тілдерді үйрете бастауды қолға алған дұрыс екені дәлелденіп отыр. Оның үстіне біздің еліміз көп ұлтты мемлекет болғандықтан күнделікті тұрмыстық жағдайда бірнеше этнос тілдері қолданылады.

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам.» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды. Қоғамда қазақ және орыс тілін мектепте оқыту мәселесі жөнінде пікірталас болып жатыр. Нақты айтайын: біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі, бұл ұрпақтың мүддесі үшін керек. Оқу-ағарту министрлігі популистердің жетегінде кетпей, балалардың мүддесін қорғауға тиіс. Білімді және бірнеше тілді меңгерген

ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде» - деген болатын [1].

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеріп отыратын әлемде табысты білім алуға деген сұранысын қалыптастыру, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу және оқыту басты мақсат болып отыр. Қазақ халқы ежелден тіл мәселелсіне ерекше мән бере отырып, «Өнер алды – қызыл тіл», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп, тілді жоғары бағалаған. Әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған қарапайым анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым. Сондықтан тіл – мейлі қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген. Халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген нешеме ғасыр бұрын айтып кеткен сөзі бүгінгі күні өзекті мәселе болып отыр.

Тарихи деректерге жүгінсек, әлемде Аристотелден кейін екінші ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік біліп, артына мол рухани мұра қалдырған. Алихан Бөкейханулы 8 тіл, Қазақтың ұлы тұлғасы Абай 4 тіл білген. Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иеленіп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін мағыналы өткізетін тұлға болып жетілетіні анық. Бүгінгі таңда елімізде «көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болуына байланысты білім беруде тілдердің үштұғырлығы міндеттеліп отыр.

Көптілділік мәселесі – тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі. Бұл ұғымға жалпылама тоқталсақ, көптілділік, белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп

тілде сөйлей білушілік. Көптілділіктің үштілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Көптілді оқыту білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғыдан жана үлгісін құруды көздейді. Осы орайда үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей оқытуды білдіретін көптілді оқыту бағдарламасының бірегейлігін атап өту керек. Кез-келген қоғамда азаматтық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеудің негізгі факторлары өз елінің тіліне деген құрмет болып табылады. Бала тілді неғұрлым ерте жастан үйренсе, соғұрлым ол оны жеңіл меңгереді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңартуға сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін дамытуға және терең білім беруге, соның ішінде тілді үйрету мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударылады.

Білім беру саласына үш тілге үйретуді енгізу қазіргі кезеңде білім беру ұйымдарының барлығының міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен, білім беру мекемелерінің басты міндеті – Қазақстанның жаңа азаматын тәрбиелеу болуы тиіс. Сондықтан жас кезінен бастап, балалардың басқа тілдерге қызығушылықтарын арттырып, үштілділік арқылы тәрбиелеу керек. Мемлекеттік мәртебе алған ана тіліміздің абыройын асқақтату, қазақтың ұлттық құндылықтарымен қатар, барлық ұлттың салт-дәстүрлерін таныту, әрбір білім алушыны отансүйгіш, елжанды жеке тұлға етіп қалыптастыру – ынтымақтастықтың басты мақсаты. «Бала өмірге келмей жатып ананың құрсағында жатқаннан бастап тәрбиеленеді» деген бала тәрбиесіне байланысты айтылған сөздің астарында көп ой жатқан сияқты.

Баланы тәрбиелеу тек ата-анаға ғана тән емес, қоғамның да тәрбиеге қосар зор үлесі бар. Бала отбасында тәрбие алып өсіп-өніп жетіледі де, ал қоғамда белгілі бір тұлға болып қалыптасады. Кез келген ата-ана баласының жақсы тәрбиеленіп, өмір сүруіне ықпал жасайды.



Әрине, мектепке дейінгі балаға балабақшада тек қазақ тілін үйретуге тиіспіз, ол бірінші орында болады. Бірақ мектепте бастауыш сыныпты бітіргеннен соң, орыс тілі, ағылшын тілі т.б. тілдерді балаларға үйретуге тиіспіз. Болашақта біздің балаларымыз басқа елдің адамдарымен қатынас жасай алу үшін біз оларға жас кезінен бастап басқа да тілдерді меңгеруге мүмкіндік жасауымыз керек.

Елбасымыздың үштілділік жоспарын іске асыру мақсатында жастардың ана тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуге баули отырып, еске сақтау, мінерлеп оқу, әдемі сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыруының мақсатына қойып жатыр. Өз тілдерімен қоса өзге де тілдерді бағалай білуге үйретеді.

Қорыта айтсақ, көптілділік – қоғамды топтастыратын үлкен мүмкіндік. Сондықтан жастардың шет тілдеріне қызығушылықтарын арттырып, үштілділік арқылы тәрбиелеу керек.

### **Әдебиеттер:**

- 1 Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйек. Астана.
2. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени бағдарламасы.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

## Език, реч, комуникация

**Ерімбетова Ақмарал**

*№110 мектеп-лицей, Жаңақорған ауданы, Қызылорда облысы, Қазақстан*

### ҰСТАЗ БЕН ОҚУШЫНЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН САҚТАУЫ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ БАҒЫТТАРЫ

Сөз түріндегі әдістерді қолдануға арналған жаттығудың бағдарламасы

Реті	Сөйлеу қабілетін дамыту мәселесі	Өзін жетілдіру жолы	Қол жеткен табыстар
1	Сөйлеу жылдамдығын ретке келтіру	1.Әдейілеп жай, сазды сөйлеуге жаттығу. Дауыстың қаттылығына, әсерлілігіне көңіл бөліп сөз арасында тоқтап, үзіліс жасап сөйлеуге жаттығу. 2.Көркем сөйлеушілерге еліктеу, өлеңдер мен қара сөздерді жатқа айтып, үйрену.	
2	Дұрыс айта алмайтын дыбыстарды дұрыс айтып жаттығу	1.Өз сөзін магнит таспасына немесе диктофонға жазып, талдау жасап, қате айтылған сөздерді дұрыстайтын жаттығулар жасау. 2.Сөз жүйелеріндегі кейбір дыбыстармен олардың қосындылары дұрыс айтылмаса, оны өңдеу жаттығуларын жасау, тіл, ерін т.б. мүшелер қатынасын сөздер, буындар мен дыбыстарды тура айтуға жаттығу.	
3	Сөз сазын, буындар мен сөздерді анық айтуға үйрену (дикциясын жөндеу)	1.Қай сөздер мен буындарды түсіну қиын екендігін тыңдаушылардан сұрап алу. 2. Диктафонды пайдаланып дұрыс болмаған сөздерді айтып жаттығу.	

4	Әсерлі оқу, сезіммен сөйлеуге үйрену	1. Сөз шешендігі туралы әдебиеттерді оқу, тәжірибелі мұғалімдер мен актерлердің кеңесіне құнт қою. Өз сөзіңді бақылауға алу.	
---	--------------------------------------	--	--

Сөйлеу шеберлігін дамытуда дұрыс дем алу, денені дұрыс ұстау т.б. аса маңызды.

### Сөйлеу дағдысын қалыптастыруға өзін-өзі тәрбиелеу

Сөйлеу дағдысын қалыптастыру жолдары	Сөйлеу дағдысын байыту мазмұны	Жұмыс түрі
<p>Сөйлеу дағдысы күнделікті сөйлеу үстінде дамиды. Сондықтан біріншіден, ұстаз да, оқушы да күнделікті өмірде әдеттегі сөйлеу барысында үнемі өзін-өзі бақылап отырғанда ғана, сөздердің дұрыс айтылуы, сөз тіркестерінің логикалы қисынын бақылауы, өзінің сөздік қорынан мәдени және әдеби сөздерді пайдалануға дағдыланады. Екінші, оқушы күнделікті сабақ барысында өзінің сөйлеу үрдісіне ұқыпты болуы, өз достарымен қарым-қатынасында сөзді шұбарламай таза сөйлеу, сабақ беру барысында, сабақтан тыс кезінде мәдени, әдеби терминдерді пайдалану. Үшінші, оқушыларға тапсырма бергенде айтылатын сөздер (сыныпты тазалау, спортпен айналысу, оқу шеберханасы, алаңды жинау т.б.) Төртіншіден, ата-аналар жиналысында сөйленетін сөздер. Бесіншіден, үлгілі оқушыға мінездеме беру.</p>	<p>Білім беру, даму, білік, дағды, іскерлік оқу ағарту, еңбек, құрал-саймандар тәрбие үрдісі, қабілет, қалыптасу жетілу, адамдық сапа, әдет, адамдық қасиет оқыту үрдісі, жедел даму, мәмле, баға, қарым-қатынас, талғам үйлесімділік, жан-жақты даму, тәрбие, қоғамдық өмір, парасат, нышандар, тұқымқуалаушылық, бейімділік, тектілік.</p>	<p>Күнделікті өмірде тұрмыстағы дағдыға жаттығу; күнделікті оқыту барысындағы сөздерге дағдылана жаттығу, тәрбиелік жұмыстарда қолданылатын сөздерге дағдылану</p>

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің тағдыры мемлекеттің дамуы және ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екендігін біздің әрқайсысымыз да терең түсінеміз. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдің қатарына қосылуында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің маңыздылығы орасан зор екендігі белгілі, ендеше, алдағы уақытта бұл бағыттағы бірқатар іс-шаралар өз шешімін табатынына сенімдіміз.

## Майчин език и литература

К.пед.н. Старченко Г.Н.

*Павлодарский педагогический университет, Республика Казахстан*

### ОСОБЕННОСТИ ПОЭТИЧЕСКОГО СТИЛЯ Н.А. ЗАБОЛОЦКОГО

Поэт философских раздумий и классической завершённости стиха – таким вошёл Н.А. Заболоцкий в русскую поэзию. Утверждению своеобразной творческой манеры раннего Заболоцкого послужило несколько обстоятельств. Во-первых, способность поэта мыслить и воссоздавать окружающий мир в пространственных образах, что сближало его произведения с жанровой живописью П. Брейгеля, М. Шагала, К. Малевича, творчеством которых он интересовался. Во-вторых, его желание запечатлеть действительность со всеми её неприглядными сторонами, рождёнными переходным периодом. Поэт стремился зафиксировать все детали стремительной жизни, а потом в общей картине современного быта разграничить «белое» и «чёрное». В-третьих, участие Заболоцкого в работе литературной авангардистской группы ОБЭРИУ, проводившей смелые словесные эксперименты с целью отыскать такую поэтическую форму, которая выражала бы неординарное, обострённое видение мира.

«Мир – без прикрас, поэзия – без украшательства» – принцип, положенный обэриутами в основу творчества. Они утверждали, что поэзии пора перестать быть облегчённой и романтически-отвлечённой – она должна соответствовать жёстким условиям времени. Поэтому члены ОБЭРИУ отказывались пользоваться традиционными поэтическими приёмами, и это была серьёзная попытка сделать новый шаг в сторону от классических литературных канонов. Эпоха диктовала новые формы существования, в том числе и поэтические.

Перечисленные обстоятельства подвели Заболоцкого к созданию резко индивидуальной формы стиха: стихотворений-ребусов, где философские мысли зашифрованы в сложных словесных конструкциях, состоящих из алогичных метафор, гипербол и гротеска.

Яркая индивидуальность, необычность отличает поэтический стиль Н.А. Заболоцкого. Среди специфических черт его творчества исследователи выделяют необычное сочетание традиции и новаторства, обнаруживающееся как в поэтическом видении действительности, так и в речевой ткани его произведений.

Одним из приёмов создания выразительности и, одновременно, способов отражения творческой мысли автора является перифраза. Активное использование перифрастических выражений – это и дань литературной традиции, и отличительная черта индивидуального стиля поэта.

Перифраза, как описательное выражение номинативного характера, позволяет автору выделить обозначаемые объекты и одновременно охарактеризовать их. Возможность использования других тропов внутри перифразы (метафора, метонимия, эпитет) повышает её выразительный потенциал. Именно это и делает перифразу важным элементом поэтического стиля во все времена.

Обращение поэта к перифразе мотивировано его особым интересом к литературе конца XVIII – начала XIX века, в частности, к поэтическому творчеству классицистов, в поэзии которых так активна перифраза. Однако использование перифрастических выражений Заболоцким выходит за рамки подражания поэтам-классицистам. Поэт создаёт свой неповторимый стиль, своеобразие которого создаётся не в последнюю очередь с помощью перифраз.

В произведениях Заболоцкого особенно активны метафорические перифразы, построенные на олицетворении, то есть приписывании предметам, растениям, животным, явлениям природы свойств и признаков человека: «Сепаратор, бог чухонский, масла розовый король!» («Отдых»); А весна,

*сумасбродка* небес, – *И подружка* моя, и поэма («Поэма весны»); Стоит верблюд, Ассаргадон пустыни, *Дитя* печали, гнева и гордыни... («Город в степи»). Олицетворяющие метафоры используются и в качестве центрального компонента перифразы «Самовар, *владыка* брюха, Драгоценный комнат *поп!*» («Самовар»), и в качестве компонента, дополняющего основной образ (В сухом ожерелье растительных дудок, Лежал *целомудренной* влаги кусок... («Лесное озеро»)).

В подобных перифразах обращает на себя внимание особый подбор лексем для центрального образа перифразы. Так, довольно часто Заболоцкий выбирает в качестве опорного компонента перифразы слова книжные и даже высокие (император, владыка, воитель, благодетельница, самодержец и др.). Многие перифразы построены на основе слов религиозной тематики, например: *драгоценный комнат поп, чайников архимандрит, Саваоф двухэтажного дома* и др.

Метафорические перифразы Заболоцкий продолжает использовать, но отказывается от необычных, броских метафор. Его перифразы становятся менее декларативны, но более изобразительны: Целый день осыпаются с клёнов Силуэты *багровых сердец* («Осенние пейзажи»); Предо мной пожар, и суматоха, И *огней багровый хоровод*. («Чертополох»); Опять мне блеснула, окована сном, *Хрустальная чаша* во мраке лесном. («Лесное озеро»). Л.В. Грехнёва считает, что подобные перифрастические выражения построены, в основном, на основе зрительного образа [1, с. 146].

Поэтический мир Николая Заболоцкого не может в полной мере быть определён ни тематическим перечнем, хотя и он достаточно широк, ни его научными интересами, хотя они внушительны, ни стихотворным мастерством, хотя оно весьма высоко. Можжевельный куст, противостояние Марса, стирка белья, соловей, Бетховен, тайга, гробница Данте, подмосковные рощи, монах XIII века Рубрук, путешествующий по Монголии, строительство гидроэлектростанции в Грузии... Что общего между столь разрозненными в

пространстве и во времени явлениями? Безграничный поэтический мир, включающий и то, и другое, и третье в силу органичности восприятия мира вещей и явлений.

Во всём, чего бы ни коснулся поэт, проступила его индивидуальность, его особый, только ему одному присущий способ видеть и соединять предметы. По мнению Л.А. Озерова, именно в силу этого мы свободно передвигаемся в многообразии поэтического мира Николая Заболоцкого, стараясь вникнуть в него и понять его [2, с. 300].

Я не ищу гармонии в природе.

Разумной соразмерности начал

Ни в недрах скал, ни в ясном небосводе

Я до сих пор, увы, не различал [3, с. 151].

Оказывается, для того чтобы найти в природе гармонию, нужно иметь предрасположенную к этой гармонии душу. Разум поэта видел «огромный мир противоречий», его сердце не слышит «правильных созвучий», душа «не чувствует стройных голосов». Это надо помнить, вступая в поэтические владения Н. Заболоцкого. Он не утешает, не убаюкивает, не умиляется. Он хочет, углубляясь в предмет, понять его двуедиными усилиями ума и сердца. И в этих усилиях талант поэта творит произведения, исполненные психологической и философской глубины, живописной силы, окрылённости и экспрессии.

Здесь и «Гроза идёт», и «На закате», и «Уступи мне, скворец, уголок...». Опыт и пример Н. Заболоцкого показывают, что для художественной передачи мира, терзаемого противоречиями, лишённого гармонии, не надо рвать стих, деформировать слова, уродовать речь. Напротив, классически ясные и чёткие формы способны передать эту сложность. «Пристальное учение у Державина, Пушкина, Баратынского, Тютчева дало Заболоцкому уверенность в правильности выбранного пути» [2, с. 300].

И в бессмыслице скомканной речи

Изощрённость известная есть.



Но возможно ль мечты человечьи  
 В жертву этим забавам принести?  
 И возможно ли русское слово  
 Превратить в щебетанье щегла,  
 Чтобы смысла живая основа  
 Сквозь него прозвучать не могла? [Цит. по: 2, с. 301].

В своих ранних стихах (книга «Столбцы») мастер гротеска, иронического примитива в духе художника Анри Руссо, экспрессивной метафоры Заболоцкий смело шагнул в область глубокой серьезности.

По мнению Е.С. Роговера, «поэта волнуют взаимосвязи природного и человеческого, их взаимопереходы» [4, с.395]. Крепнет его интерес к диалектике («Как мир меняется! И как я сам меняюсь!»). На этой основе формируется поэтика превращений, и прежний протест против умирания в природе автор приглушает. На этом пути возникает стихотворение «Вчера, о смерти размышляя...», из которого вырастает целая философская концепция поэта. Стихотворение «Метаморфозы» посвящено неизменности перехода одних форм материи в другие.

Вера в человеческий разум, который управляет законами вселенной, жила в Заболоцком долго. Десять лет спустя он напишет стихотворение «Завещание», где снова варьируется идея «метаморфоз»: «Я не умру, мой друг. Дыханием цветов Себя я в этом мире обнаружу...» [Цит. по: 5, с. 166]. В стихах этого периода он демонстрирует образцы фигурной метафорической лепки, образцы зримой, выпуклой предметности. «Поэт внутри мира. Он чувствует себя частью мира: «Я жизнь мою прожил, я не видал покоя: покоя в мире нет. Повсюду жизнь и я» [Цит. по: 5, с. 166].

Как верно отмечают исследователи творчества поэта, до самых последних стихов, за редкими исключениями, лиризм Заболоцкого очень опосредствован, иногда даже «отчуждён» от самого себя и конкретной человеческой души. Но это не холод, не созерцательность. Это особый лиризм, лиризм не только подчас

закованный в панцирь, как выражался сам Заболоцкий, но иногда теряющийся в бесконечной широте связей человека с природой.

Последние стихотворения о природе (этой теме поэт был верен до самого конца) отличаются и сдержанной эмоциональностью, и какой-то удивительной умиротворенностью. В них восторг перед красотой и радостью жизни, оттого музыка переполняет строки. Поэт владел исключительной простотой и лаконизмом выражения, умением соединить антропоморфное начало в природе с тонким аллегоризмом. Таковы «Поэма весны», «Осенние пейзажи», «Одинокий дуб», «Лебедь в зоопарке», «На закате».

Как видим, у Н. Заболоцкого своя манера повествования, философский взгляд на мир, на окружающую природу. В его произведениях можно проследить параллелизм проходящих через всё стихотворение описаний природы, душевной жизни и мыслей самого автора. В некоторых стихотворениях параллелизм подчёркнут, превращён в аллегорию, более предметно и осязательно передающую двойственность душевного состояния поэта. В стихах поэта встречаются необычные эпитеты, сравнения, метафоры, гротеск. Целостность текста, устойчивость его структуры создаётся стихами-кадрами, как бы визуально передающими особенности находящегося в разные моменты движения, относительного покоя и динамики, объектов восприятия. Лиризм поэзии Заболоцкого обращён к окружающему миру и включает в себя рационалистический познавательный момент.

#### Литература:

1. Грехнёва Л.В. Семантическая структура перифраза в произведениях Н.А. Заболоцкого // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. – 2011. – №6 (2) – С. 145-148.
2. Озеров Л.А. Необходимость прекрасного: Книга статей. / Ред. Л.А. Шубин. – М.: Сов. писатель, 1983. – 328 с.
3. Заболоцкий Н.А. Столбцы и поэмы. Стихотворения / Сост. и вступ. статья Н.Н. Заболоцкого. – М.: Худож. лит., 1989. – 352 с.

4. Роговер Е.С. Русская литература XX века: СПб. – С-П.: САГА-ФОРУМ, 2006. – 496 с.

5. Могильницкий В. Критика и литературоведение. «Милостью божьей, упорством своим» // Нива. – 2008. – №9. – С. 165-170.

## ИСТОРИЯ

### Обща история

т.ғ.д, проф. Мухлисов Н.К., т.ғ.к, проф. Колумбаева З.Е.

*«Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан*

### **ӨЗ ТӘУКЕ ЗАМАНЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ**

Қазақ хандығының XVII ғасырдың соңы, XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі тарихы Өз Тәуке хан мен «Ақтабана шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларына қатысты айтылатын аңыздар мен жырларда, шешендік сөздер мен мысалдарда сипатталған.

«Өз» атауы қазақ хандарының ішінен тек екі ханға ғана байланысты (Өз Жәнібек, Өз Тәуке) тарихи фольклорда қолданылатыны зерттеушілердің көңілін аударатын мәселе екені анық. «Өз» сөзінің түпкі тамыры арабтың «Әзіз» таза, мейірбанды, әділ ұғымымен пара-пар. Хан Тәукенің өз атануының негізсіз емес екенін Қазанғап Байболұлы жинақтаған қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінен де кездестіреміз:

Ілгерірек заманда,  
Бұрынғы өткен адамда,  
Үш би, бір хан атанып,  
Қазақ қазақ болғанда,  
Күні туып оңынан,  
Айы туып солынан,  
Кемеріне толғанда  
Ала байрақ алтын ту  
Ордаға толық қонғанда

Хан болып Тәуке тұрғанда, -деп басталады. «Төле бидің тарихы» делінетін дастан-жыр[1]. Өз Тәуке ханның шыққан тегі туралы Шәкәрім шежіресі «Өз Тәуке Салқам Жәңгірдің қалмақтан алған әйелінен туған. Мұнан басқа Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған Уәлибақы деген баласы бар еді. Жәңгірдің орнына Өз Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уәлибақы Ғайыпханға кетіп еді» –деп жазады [2,35]. Мәшһүр Жүсіп болса «Салқам Жәңгірден кейін Өз Тәуке деген хан болды. Мұның өзі ақылды, табанды кісі болды» деп қазақ тарихи фольклорындағы Тәуке бағасына келіседі.

Құрбанғали Халид қазақ хандарының шежіресін біршама толық тарата келіп «Сығай ханның [Шығай] екінші әйелінен екі ұлы бар: Сейітқұл, Оннан хан. Бұл Оннан батыр болып, қызы ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген. Ақ тулы төрелер қайда жүрсе де Оннан тұқымы болып есептеледі. Есім хан ұлы Жәңгірхан, оның ұлы Тәуке хан бір әйелінен жеке. Мұның ұлы Болат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбілпейіз хан қызыл тулы төрелердің бабасы Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи деген екі ұл болып, Ауладан Абылай хан туған» [3,103].

Ш. Құдайбердиев пен Қ. Халид шежірелерінің арасындағы негізгі айырмашылық Салқам Жәңгірдің ұлдарының санына қатысты. Шәкәрім Жәңгірдің екінші әйелінен бір ұл туды десе, Құрбанғали екі ұл [Аула, Бақи] туды деп жазады. Құрбанғали да, одан басқа шежірелер де Тәуке хан атына «әз» қосымшасын қосақтап жазады. Тек Құрабнғалида «әз» орнына «әзіз» жазылады. [мысалы: Жәңгір ұлы Әзіз Тәуке хан [3,104].

Өз Тәуке ханның нақты өмір сүрген жылдарын анықтау үшін Ресей және Орта Азиялық деректердің маңызы зор. Қазақ шежіресі белгілі уақыт мөлшерін қолданбай көбінесе пәлен ханның заманы, түген бидің айтқан сөзі деп жалпы ұғымдары қолданады. Мәселен Қазанғап Байболұлы шежіресінде: «Біліктілер сөзінде Тәуке хан мен Төле би Есім хан заманындағы ауыр жазаға кесетін нәрселерді жеңілдетіп, жеті жарғы деген заң жасады. Қазаққа қасқайтып жол көрсетіп, заң шығарып, ермек салған себептен «Қасым ханның қасқа жолы»

дейді. Сол Қасым ханның сызығымен елге жарлық жүргізген жағдайдан «Есім ханның ескі жолы» дейді [1]. Оны жеңілдеткен Тәуке хан мен Төле би». Бір көңіл аударатын мәселе XV-XVIII ғғ. қазақ тарихына тығыз қатысты мәселе, әдет-ғұрып заңдарының тарихы мен қалыптасуы туралы бірталай мәлімет шежіреде берілгенімен, анық уақыт межесі жоқ. Оның орнында – Қасым хан, Есім хан, Тәуке мен Төле заманы сияқты қазақи мөлшер.

Ресей құжаттарында Тәуке аты XVII ғасырдың соңындағы архив құжаттарынан бастап кездеседі [4]. Ал қазақ жадындағы хан образы, оның атына байланысты айтылған аңыздар, жалпы сакральдық бейнесі 1731 жылғы Ресейдің бодандық туралы Қазақ Ордасына келген елшілігінен басталады. Елші М.Тевкелев «Тәуке хан табанды саясаткер, қазақ арасында құрметті атақта» деген пікірмен қатар «у них, киргис-кайсаков, прежде были города, именно Ташкент, Тюркстан, Сейрам и оными владели киргиз-кайсацкие ханы и старшина. Токмо же после Тевки хана Абулхаир хан был главным. А из тех городов выслал их хонтайша тому с 15 лет» деп сипаттайды [5,62].

Өз Тәуке ханның заманы туралы қазақ аңыздары М.Тевкелев елшілігінен бастап жиналып XIX ғасырдың 30-шы жылдары А.И.Левшиннің жазбаларында қорытындыланды деуге келеді. Оған себеп «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегіндегі жоғары баға: «Было время, говорят благоразумнейшие из киргизов Меньшей Орды, когда и наш народ жил в покое, было время, когда и у нас существовал порядок, были законы и правосудие. Сей залотой век, о котором вспоминают они со вздохами, есть цаствование знаменитого хана их Тявки, который, если верить преданиям, был действительно в своем роде гений, и в летописях казачьих должен стоят с Солонами и Ликургами. Усмирив волновавшиеся долго роды и племена, он не только ввел в них устройство, порядок, но и дал им многие законы» [6,367].

Шығыс деректері Тәуке ханның саяси-әскери өмірбаянын жасауға мүмкіндік бергенімен, қазақтың тарихи фольклорында қалыптасқан образын қабылдамайды. Сонымен қатар Орта Азия тарихшыларының жазбалары XVII

<sup>2</sup>РГП «Казгидромет» по Карагандинской области, Казахстан

<sup>3</sup>Областная специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва им. А. Молдагуловой, Казахстан

## **ӨЗЕНДЕРДЕГІ АПАТТЫ ҚҰБЫЛЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)**

Қарағанды облысының гидрометеорологиялық қызметі адамның шаруашылық қызметінің қажеттілігін гидрометеорологиялық қамтамасыз ету мақсатында аумақтың метеорологиялық, гидрологиялық және агрометеорологиялық жағдайларын зерделеуді өзінің міндеті санайтын мемлекеттік ұйым. Гидрометеорологиялық қызметтің мемлекет экономикасында маңызы зор. Гидроэлектрстанцияларының, өзен және теңіз флотының, темір жол көлігінің қалыпты жұмысы оларды гидрометеорологиялық материалдармен, ақпаратпен және болжамдармен күнделікті қамтамасыз етуді мүмкін емес.

Қарағанды облысында 2017 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі гидрометеорологиялық мәліметтердің ішінен топырақтың қату тереңдігі, қардағы су қорларының жылдан жылға аз көлемде болып жатқаны байқалады. Осы салдардан су қоймалары өз мөлшерін толтыра алмауы мүмкін, көктемгі кездегі су тасқынының болмауы да осы себептерден. 2017 мен 2021 жылдар арасын салыстырған кезде, 2017 жыл көп көлемді сулы болды, бірақ ауа температурасының түнде суық күндіз жылы болып ауысып тұрғандықтан қатты су тасу мөлшері болмады. Тек төменгі ағысқа қарай көптеген өзендер ағыны мұз кептелуден жан-жаққа жайылып, су деңгейінің көтерілуіне әкелді.

Қарағанды облысы бойынша «Казгидромет» РМК Қарағанды облысы гидрометеорологиялық қызметінің деректері бойынша алынған 2017 жылдан

2021 жылға дейінгі деректерде гидрологиялық және метеорологиялық мәлімдемелерді келесілерде айқындалады.

Қарағанды облысының өзен бассейндерінде орналасқан метеорологиялық станциялар мен гидрологиялық бекеттердің деректері бойынша 2017 жылғы 10 наурыздағы жағдай бойынша қардағы су қорлары құрады:

- Нұра өзенінің бассейнінде нормадан 107-211%.
- Шерубайнұра өзенінің бассейнінде нормадан 96-183%.
- Қара-Кеңгір өзенінің бассейнінде нормадан 60-140%.
- Жаман-Көн өзендерінің бассейнінде-нормадан 153%.
- Сарысу өзенінің бассейнінде нормадан 46-166%.

1 кесте

Топырақтың қату тереңдігі (10.03.2017 ж. жағдай бойынша)

№	Метеостанциялардың атауы	Топырақтың қату тереңдігі см.
1	Қарағанды	86
2	Корнеевка	139
3	ҚарағандыСХОС	104
4	Киевка	134
5	Осакаровка	98
6	Кертенді	134

Осылайша, облыстың өзен бассейндерінде көктемгі су тасқынының қалыптасуы гидрометеорологиялық жағдайлардың қолайлы болуынан көктемгі су тасқыны жылдам өтіп кетті.

2017 жылғы наурыздың үшінші онкүндігінде тұрақсыз ауа райы байқалды. Антициклондар солтүстік-батыс циклондарымен алмастырылып, суық фронттардың өтуімен суық ауа массаларының шығарылуына ықпал етті. Облыс бойынша 2 онкүндік жауын-шашын түсті, ауаның орташа температурасы орташа көпжылдық температурадан 1°C жоғары болды. Бұл қар ерудің басталуының алғышарты болды.

30 наурызда Нұра өзенінің жоғарғы ағысында (Бесоба гидробекеті) мұз үстінен су ағымы басталды, 31 наурызда - ауа массасының жылынуы мен жауын-шашынға байланысты Шерубайнұра, Жаман-Сарысу, Жаман-Қон, Мойынты, Талды өзендерінде су деңгейінің көтерілуі және судың ұлғайуы байқалды. 1 сәуірден Нұра және Сарысу өзендерінің жоғарғы ағысындағы судың ұлғайуы жалғасты және 2 сәуірде Сарысу өзені арнасының барлық байқалатын бөлігінде су деңгейі көтеріліп, 5 сәуірде ең жоғарғы шегіне жетіп, төмен орналасқан елді мекендерді, автомобиль жолдары мен көпірлерді, электр беру желілерін су басу қаупі туындады.

Сәуірдің бірінші онкүндігінде облыс бойынша салқын ауа райы байқалды, онкүндіктің орташа температурасы нормадан  $2,6^{\circ}\text{C}$  төмен болды. Бұл, әрине, көктемгі процестердің дамуын тоқтатты, бірақ қардың қарқынды еруі жалғасты; 3-5 сәуірде Нұра (Шешенқара, Балықты гидро бекеттері) және Шерубайнұра (Шопан, Қарамұрын гидро бекеттері) өзендерінің сулылығының артуы байқалды. Су деңгейі 1,5 метрге дейін көтерілді. Облыстың солтүстігінде көктемгі процестердің дамуы кейінірек басталды. Есіл өзенінің жоғарғы ағысында (Приишимское гидро бекеті) су деңгейінің көтерілуі және Үлкен Құндызды өзенінде (Киевка м/а) тоқтап тұрған судың пайда болуы сәуірдің 1 онкүндігінің соңында ғана болды.

Сәуірдің екінші онкүндігінде ауа температурасының көтерілуі байқалды, облыс бойынша онкүндік орташа температура нормадан  $2,4^{\circ}\text{C}$  жоғары болып, қалың қардың еруіне ықпал етті және Нұра мен Шерубайнұра өзендерінде су деңгейінің қатты көтерілуіне себеп болды.

Нұра өзенінде көктемгі су тасқынының басталуы созылғыш және біркелкі емес сипатқа ие, 30 наурыз – 5 сәуір кезеңіне жатады: Бесоба кенті – 30 наурыз, Шешенқара кенті – 5 сәуір, Балықты станциясы – 2 сәуір, Ақмешіт кенті – 30 наурыз (1 сурет). Су тасқынының шыңы 10-24 сәуірде болды, судың ең жоғарғы шығыны өлшенді: Бесоба кенті – 12 сәуір, Шешенқара кенті – 14 сәуір, Балықты станциясы -15 сәуір, Ақмешіт ауылы – 18 сәуір (2,3 суреттер).



1 сурет. Нұра өзені - Бесоба гидрологиялық бекетінің 8 сағаттық мерзімдегі салыстырмалы су деңгейлерінің барысы



2 сурет. Нұра өзені - Шешенқара ауылындағы гидрологиялық бекетінің салыстырмалы су деңгейлерінің барысы

Нұра өзенінде орналасқан 3 гидрологиялық бекетте су тасқыны кезінде судың қауіпті деңгейі асып кетті: Шешенқара кенті-13-18 сәуір, Балықты станциясы-14-18 сәуір аралығында, Ақмешіт -16-23 сәуір аралығында (4 сурет).





3 сурет. Нұра өзені - Балықты тж. ст. гидробекетінің салыстырмалы судың деңгейінің барысы



4 сурет. Нұра өзені - Ақмешіт ауылы гидробекетіндегі судың салыстырмалы деңгейінің барысы

Шерубайнұра өзені бассейнінің төменгі бөлігінде қарқынды қар еруі гидрологиялық бекет ауданында жоғары ағысқа қарағанда әлдеқайда ерте

басталды. Қарамұрын су тасқынының басталуы 29 наурызға, ал Шопан кенті бекетінің учаскесінде – 4 сәуірге жатады; су тасқынының шыңы 11-29 сәуірде өтті. Судың ең жоғары шығыны өлшенді: Шопан кентінде – 20 сәуір, бір рет. Қарамұрын-15 сәуір. Екі гидрологиялық бекетте де ұзақ уақыт бойы деңгейлер қауіпті белгілерден асып түсті.

Осылайша, Қарағанды облысы аумағындағы қауіпті гидрологиялық жағдай 1-25 сәуір аралығында сақталды деп қорытынды жасауға болады. Егер 2017 жылғы су деңгейін 2015 жылғы өте көп су тасқыны деңгейімен салыстыратын болсақ, онда 2017 жылы деңгейлер төмен болғанын, бірақ әлі де төтенше белгілерге жақындағанын көруге болады. №1-21 дауыл туралы ескертулерді “Қазгидромет” РМК Қарағанды облысы бойынша филиалы шығарып, барлық мекемелерді, оның ішінде Қарағанды облысының әкімдігі де кіреді. 2015 жылғы су тасқынына қарағанда 2017 жылғы су тасу көлемі аз болғанында байқауымызға болады. Ең сулы су тасу кезіндегі жылдар, ол 2015 және 2017 жыл. Осы дауылды ескертулерге сүйене келесі гидрологиялық бекеттердегі ақпараттарды 2 кесте арқылы баяндауға болады.

2 кесте

## 2015 - 2017 жылдардағы су деңгейінің көрсеткіші

ГБ атауы	Су деңгейі см.		
	2015 жыл	2017 жыл	Қауіпті су деңгейі
Нұра өз. - Шешенқара с.	715	679	626
Нұра өз.- Балықты тж.ст.	1043	719	700
Нұра өз.- Ақмешіт с.	1088	1074	960
Шерубайнұра өз.– Қарамұрын раз.	577	522	420
Шерубайнұра өз. – Шопан п.	596	583	450
Жаман-Сарысу өз. - Атасу	451	425	350
Жаман-Кон өз.– Баршино п.	698	586	570
Үлкен-Күндызды - Киевка п.	480	431	360
Есіл өз.- Приишимское с.	478	394	385

Су тасқыны жағдайының күрделенуіне және жекелеген елді мекендердің тіршілік әрекетінің бұзылуына байланысты жергілікті атқарушы органдар төтенше жағдайларды жариялау туралы шешім қабылдады.

2018 жылы "Қазгидромет" РМК жұмыс жоспарына сәйкес Қарағанды облысының аумағында 19 гидрологиялық бекетте: 17 өзен және 2 көл бекеттерінде бақылау жүргізілді (5 сурет). Бекеттер облыстың негізгі су объектілерін бақылаумен қамтиды.



5 сурет. Қарағанды облысының гидрологиялық бекеттері

#### Пайдаланылған әдібеттер тізімі

1. Кусаинов А.Б. Весенние паводки в Республике Казахстан // Вестник КТИМЧСРК № 2 (6). – Кокшетау, 2012. – С.24-26.
2. Игибаева А.М. Гидрометеорологическая служба Казахстана // Сборник публикаций мультидисциплинарного научного журнала «Архивариус» по материалам IX международной научно-практической конференции «Наука в современном мире». – Киев, 2016. – С. 42-45.
3. Плеханов П.А. Гидрологические риски природного характера и их предупреждение в Казахстане // Центральноазиатский журнал исследований воды. – 2017. – Т. 1, № 3. – С. 19-25.

## Методически основи на учебния процес

п. ф. к., доцент Досанова Алтынай Жапарқызы

«Esil University» мекемесі, Астана қаласы, Қазақстан

### «ҒИБРАТЫ МОЛ ҒАСЫРҒА» АЛҒЫ СӨЗ РЕТІНДЕ

**Түйін.** Мақалада Сүйіндік Жанғабыловтың туғанына 100 жыл, дүниеден озғанына 50 жыл толуы тарихымыздың беттерінен өз таңбасын қалдырған Ұлы Отан соғысы деген сөзбен ел есінде қалған сол бір сұрапыл күндерді басынан кешіріп Жеңіспен елге оралғанына 75 жыл толуына байланысты жазылған кітаптың алғы сөзі жайында айтылған. Асыл ағамызды еске алып, ол кісінің өмірі, қызметі, қоршаған ортасы жайлы толығырақ мәліметтер мен естеліктер қалдыру басты мақсатымыз болды.

**Кілт сөздер:** Сүйіндік Жанғабылов, Сақып Досанова, Ұлытау-Жезқазған өңірі, нәубет күндер, сұрапыл соғыс, ұлы тұлғалар,

Елбасы Қ.К.Тоқаевтың биылғы Халыққа жолдауы: «Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын. Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз», деп түйінделген [1].

Осы орайда еліміздің дамуына үлес қосқан ұлы тұлғаларымызды ұлықтай отырып, бүгінгі күнгі мәселелермен кіріктіре білу, ақпараттық технология заманына бейімделе өсіп келе жатқан бүгінгі ұрпақтарға үлгі ету баршамыздың міндетіміз болмақ. Сондай тұлғалардың бірі Ұлытау-Жезқазған өңірінің өсіп өркендеуіне зор үлес қосқан С. Жанғабылов жайында әңгіме болмақ.

Бір ғасыр – бір ғұмыр! Жылдар жылжып ғасырларға ұласып жататынындай, әр жыл, әр ғасырдың өмірде өз орнын қалдыра білген тұлғалары

болады емес пе..., сондай жандардың бірі өз заманында айрықша еңбегімен, көркем мінезімен, биік парасаттылығымен аты қалған ардақты азамат – Сүйіндік Жанғабылов.

Олай дейтініміз, ел басына туған сонау 1920 жылдардағы Қазан төңкерісі, 1930-37 жылдардағы нәубет күндер мен сол бір сұрапыл соғыс кезіндегі ұлтымыздың басындағы ауыр жылдар, әр қазақтың басындағы ауыр күндер еді. Дәл осы сындарлы кезеңде дүниеге келсе де, елі мен халқына деген шексіз сүйіспеншілігі жасынан зерек, озық ойлы азамат боп өскен Сүйіндік Жанғабыловты сол қиын күндердің жетегіне еріп кете беруге жол бермеді. Керісінше өзінің бар болмысымен ағысқа қарсы тұрып, бойындағы бар білімі мен біліктілігін ел игілігіне жұмсап, жан-жағына сәулелі нұрын шашқан парасатты жан еді. Бұл – ол кісінің көпшілікке ұқсай бермейтін даралығы [2].

Абай атамыз «адам бұл өмірге көрсем, білсем деп келеді» дегендей, адалдық пен адами қасиеттерді, жан тазалығын бойына сіңіріп өскен Сүйіндік Жанғабыловтың жасынан білімге, білуге деген құштарлығы ширек ғасырлық қысқа ғұмырында тарих беттеріне өзінің өшпес ізін қалдыруға себеп болды. Тіпті соғыс өрті өршіп тұрған кездерде арнайы әскери оқу орындарына соғыс қимылдарын жүргізуді үйренуге екі рет оқуға жіберілуі, көпшілікке бұйыра бермейді. Ол кісі соғысқа дейін де арнайы білімі болған маман, соғыс кезінде де, кейін де қызметіне байланысты білім алудан жалықпаған, отбасын да қызметті де бірге алып жүріп, аз ғана ғұмырында алыптың ісін тындырған жан. «Өзінің бойында туа біткен он екі табиғи қасиеттерді біріктірген адам ғана басшы бола алады» - деген ойшыл Әл Фараби бабамыздың дана сөзі С.Жанғабылов секілді жандарға айтылған болу керек.

Қысқа да болса саналы ғұмырын еліне, туған жерінің өсіп-өркендеуіне жұмсады. Ес білгеннен өмірінің соңына дейін білім мен еңбекті қатар алып, жауапты басшылық қызметтерде жүрген. Сәулелі жұлдыздай жарқ етіп қайта сөнген С.Жанғабыловтың өмірі қысқа болса да, әрбір күні, тіпті әрбір сағаты сан-қилы жақсылықтарға толы, берер тәлімі мол, кімді болса да сүйсіндіреді

Биыл адамзат тарихына өшпестей таңбасын қалдырған сұрапыл соғыстың аяқталып, Ұлы Жеңіске жеткенімізге де биыл 75 жыл толып отыр. Ел басына қатер төнген осынау қиын-қыстау жылдары қазақстан халқы да өз Отанын қорғауда бар күштерін аямады. Бұл Жеңіске миллиондаған боздақтардың табанды ерліктерінің арқасында қол жеткіздік. Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің ерлігі тарих беттерінен ешқашан өшпек емес.

Жезқазған өңірінен де майданға жүздеген мыңнан астам бауырларымыз аттанып, олардың жартысынан көбі ұрыс далаларында ерлікпен мәңгілікке көз жұмды, онымен қоса бірнеше жүздегені хабар-ошарсыз кеткендер.

Жанғабыл атаның үш баласы соғыс майданына бірге аттанып, соғыс аяқталғаннан соң үшеуінің де елге аман оралуы жаратқанның бір үлкен сыйы болар. С. Жанғабыловтың бірге туған бауырларының да өмірі сол кездегі заман ағымына қарай әрқайсысы бір-бір кітап боларлықтай сан-қилы тағдырларға толы. Бұл еңбекте С.Жанғабыловтың небәрі 39 жасында артында қалған жан-жары Сақып Досанова жайлы да айтылады. Сақып ана бала тәрбиесінің үлкен жауапты іс екендігін тұла бойымен сезінген, ардақты ана деген атқа лайық жан болды. «Бала жүрегі – кішкентай ғана күй сандық, ол кілтін тапсаң ғана ашылады» демекші, әр баласының оқып білім алып, өмірден өз орындарын таба білуіне аналық күш-жігерін жұмсаған, әр баланың табиғатын терең түсініп, жүректерінен жол тауып, өмір мектебіне де дұрыс бағыт бере білген жан [2].

Сонымен бірге еңбекте Сақып ананың өмірден тым жас кеткен әкелері – бірі сталиндік террордың құрбаны болған, бірі соғыстан оралмаған ағайынды Смағұл мен Досан Құлжанбаевтардың және нағашысы Сәулетов Қапардың өмірлері мен мұрағаттан табылған деректер бойынша ерлік істері қысқаша баяндалады. Себебі туған жер топырағы бұйырмаған әкелері жайлы толығырақ дерек білу, әке зиратына тағзым ету Сақып апамыздың жүрегінің түбіне өмір бойы серік еткен арманы еді. «Орнында бар оңалар» демекші, Сүйіндік Жанғабыловтың артында баға жетпес байлығы – балалары қалды. Уақыт көші алға жылжыған сайын адамзаттың өмір сүру салты да өзгеріске ұшырап, түрлі

технологиялар пайда болады, алға қойған мақсат-міндеттер мен таным-талаптар да өзгереді. Дегенмен, адам бойында бір өзгермейтін құндылық ол – ұлттық болмыс, рухани-адамгершілік. Әке-шешеден дарыған осындай асыл қасиеттерді бойларына жиған ұрпақтары бүгінде олар салып кеткен сара жолды өздерінің адал еңбектерімен жалғастырып келеді.

Мақалада С. Жанғабыловтың өмірі мен қызметінің хронологиялық тізбесін бере кетуді жөн көрдік:

1941 ж. 01.07 – Қарағанды облысы, бухгалтер қызметін атқарды.

1941 ж. 01.12. – Екінші Қарағанды-Ақмола темір жолын салуға жіберіледі.

1942 ж. 01.07. – Әскери қызметке жіберіледі.

1942 ж. 01.09. - 1943 ж. 01.05. – Тәжікстанның Ленинабад қаласында әскери-саяси училищесінде оқыды.

1945 ж. 01.11.– Денсаулығына байланысты РККА демобилизацияланды.

1946 ж. 16. 01. – Жезқазған Партия ұйымының хатшысы және қоғамдық тамақтандыру оралығында бухгалтер қызметін атқарады.

1946 ж. 02.04. «1941-45 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталды.

1946 ж. 23.09. – Бүкілодақтық кәсіподақтар Орталық кеңесі Кәсіподақтар қозғалысының бір жылдық Ленинград Жоғары мектебін бітіреді.

1947 ж. 13.01. «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

1947 ж. 30.06. Басқару ісі бөлімі мамандығын бітіріп шығады.

1947 ж. 25.07 – Жезқазған Кеншілер мәдениет басқармасының басшысы болды.

1948 ж. – Сақып Досановамен отбасын құрады.

1948 ж. 10.12. – 1951 ж. 19.04 Жезқазған аудандық комитетінің бірінші хатшысы болады.

1949 ж. – тұңғыш баласы Қуанышбай дүниеге келеді.

1951 ж. 22.05. – Қарағанды облыстық КП комитетінің ауылшаруашылығы бөлімінің инструкторы қызметін атқарады.

1953 ж. 01.06– Республикалық Орталық Комитеті Партия мектебінің тыңдаушысы болып қабылданып, 1956 ж. 01.07. оны бітіріп шығады.

1956 ж. 01.08. – Жезқазған аудандық КП комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

1957 ж. 27.04. «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды.

1957 ж. 11.07. – Жезқазған аудандық комитетінің Хатшысы болып сайланды.

1957 ж. 15.10. – Қарсақпай мыс заводының Партбюро хатшысы болып сайланды.

1959 ж. 26.10. – Никольский қалалық ОРС бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

1960 ж. 15.03. – «Златоуст-Беловский» карьеріне 4 разрядты темір шебері етіп жібереді.

1960 ж. 03.04 – «Златоуст-Беловский» карьерінің Цех комитетінің басшысы болып сайланады.

1960 ж. 10.08. – Солтүстік Жезқазған кенішінің Рудком председателі болып сайланады.

1961 ж. 20.11. – НИЛ бас инженері болып қабылданады.

1962 ж. 14.03. – Әкімшілік шаруашылық және тұрмыстық секторы бөлімінің басшысы болып өмірінің соңына дейін қызмет атқарады.

1967 ж. 21.04. «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл» медалімен марапатталды.

1967 ж. кенже қызы Манат дүниеге келеді.

1969 ж. 01.06. С. Жанғабылов дүниеден озды.

Қорыта айтқанда, «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» дегендей, келешек ұрпаққа адами болмыстың түпсіз тереңдігін ұғындырған сүйікті әке Сүйіндік Жанғабыловтың салған сара жолын жалғастырып отырған ұрпақтарының алды – бүгінде құрметті зейнеткерлер, арты – әкелері туып-өскен, халыққа қызмет еткен қасиетті Жезқазған өңірінде әр салада елге абыройлы қызмет атқарып жүрген өнегелі жандар. Олардан туған ұрпақтары да бүгінгі қоғамның белсенді мүшелері, әлемнің біртұтастығын саналы түсініп, бой ұсына алатын, болашағы биік жандар.

«Тау алыстаған сайын биік көрінеді» демекші, жылдар жылжып өткен сайын Сүйіндік Жанғабыловтың жарқын бейнесі сомдала түсіп, тұлғасы кесектеле бермек.

#### Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстан халқына жолдау. - Астана, 2022.
2. Досанова А.Ж. Ғибраты мол ғасыр. Библиографиялық очерк. - Нұр-Сұлтан, 2021. 206 б.



## Стратегически насоки на реформата в системата на образованието

**Master of Pedagogical Sciences, A.D. Kalimova<sup>1</sup>,**

**Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, B.A. Zhekibayeva<sup>2</sup>**

*Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan<sup>1</sup>*

*Karaganda University named after Academician E.A. Buketov, Republic of Kazakhstan<sup>2</sup>*

### **THE ESSENCE OF THE CONCEPT OF «INTEGRATED LEARNING» IN PRIMARY SCHOOL**

Modern primary education in the Republic of Kazakhstan is based on the integration of knowledge about the development of the surrounding world and society. The knowledge acquired in various academic subjects, as a rule, are interrelated and, if properly implemented, form a holistic picture in the student's mind. The concept of «integrated learning» is considered as the integration of scientific knowledge in the teaching of younger schoolchildren. The result of integration in this case is integrity, or a new reality in which each component retains its sovereignty and its essential qualities.

The general theoretical characteristics of pedagogical integration are revealed in the works of V.S. Bezrukova, I.D. Zverev, A.Ya. Danilyuk, I.S. Serdyukova, Y.M.Kolyagin, N.S. Svetlovskaya and many others.

The ideas of integrating knowledge in learning are reflected in the concept of modern school education. But it is impossible to solve such a problem within the framework of one academic subject. Therefore, in the theory and practice of teaching, there is a tendency to integrate academic disciplines (integrated courses, integrated lessons), which allows students to achieve interdisciplinary generalizations and get closer to understanding the overall picture of the world [1, 68 p.].

The term "integration" is often used in scientific pedagogical literature and in teaching practice. "Integration" from the French. integration – inclusion, involvement, ingrowth; from Lat. integration – restoration, replenishment, whole [2].

In V.S. Bezrukova's pedagogical research, the concept of "integrated learning" is revealed as the definition of the highest form of interconnection, which expresses the unity of all components of the education system, defining its content [1, 70 p.].

The author I.D. Zverev considered this concept as an integral system of organically interconnected disciplines, which is built by analogy with the world that surrounds the child [3, 56 p.].

So, I.S. Serdyukova, reveals the definition of «integrated learning» as a process of communication and convergence of sciences, which represent the highest form of transition to a higher quality level of education [4, 22 p.].

The concept of «integrated learning» by L.N. Bakharev reveals how the process of interaction and communication of several sciences. This process is a high form of the embodiment of interdisciplinary connections at a qualitatively new stage of learning. Integration does not negate the subject-based learning system. It is a possible way to improve it, overcome shortcomings and is aimed at deepening the interrelationships and interdependence between subjects [5, p. 50].

Thus, Y.M.Kolyagin believes that in relation to the system of education, the concept of "integrated learning" can take two meanings:

- as a learning goal, it should give the younger student the knowledge that can teach the student from the first steps of learning to imagine the world as a whole, where all elements are interconnected.

- as a means of teaching, which is aimed at developing the student's erudition, at updating the existing narrow specialization in the pedagogical process.

The author believes that integration acts as a natural interrelation of sciences, academic disciplines, sections and topics of various academic subjects based on the leading idea and leading positions [6, p. 28].

Danilyuk A.Ya. believes that integrated learning is presented as an innovative technique that can solve many of the problems of education. Integration in the sphere of upbringing and education can be carried out at any stage of the pedagogical process, being a universal means. Interdisciplinary connections are the most important factor in optimizing the learning process, improving its effectiveness, eliminating teacher and student overload. Interdisciplinary connections are of particular importance for the effective use of organizational forms of education, as well as the purposeful restructuring of all the main links of the educational process [7, 25 p.].

So, for example, N.S. Svetlovskaya, under integrated learning, considers «the process of creating a new valuable on the basis of identified similar elements and parts in several previously different units (academic subjects, types of activities), then adapting these elements and parts into a previously non-existent monolith of special quality». An important condition for integration is the construction of the material on the basis of subordination to a single goal and function in a number of subjects, in the methodology. It is preferable to conduct integrated training based on the implementation of intrasubject and intersubject connections [8, p. 32].

We have analyzed the essence of the concept of «integrated learning» by various authors. We are impressed by the following concept: «integrated learning» is a complex characteristic of learning goals that combines pedagogical tools used in extracurricular and educational activities. This is a well-structured, multicomponent and well-organized connection of all parts of the education system. Its ultimate goal is the self-development and harmonization of the student.

Integrated education in primary school gives the educational process integrity, consistency, indivisibility of knowledge. We have identified the following advantages of integrated learning in primary school:

- knowledge, skills and abilities are learned by younger students in unity;
- integrated lessons encourages students to actively learn about the surrounding reality, to develop logic, thinking;

- promotes the development of speech, the formation of the ability to compare, generalize, draw conclusions;

- the form of integrated lessons is non-standard, fascinating, thanks to the rapid change of activities, the attention of students is constantly kept at a high level, which allows them to effectively assimilate the material.

Thus, integrated education in primary school helps to overcome the fragmentation and mosaic of students' knowledge, ensures their mastery of holistic knowledge.

*This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP15473233 «Scientific and theoretical justification and methodological support for the preparation of future teachers for integrated teaching of primary school students»).*

#### Literature:

1. Безрукова В.С. В поисках перспективы // Советская педагогика. – 1986. - №9. – С. 68-72.
2. Толковый словарь русского языка: Даль В.И. - Санкт-Петербург, АСТ. - Харвест, 2014.- 736 с.
3. Зверев И.Д. Интеграция межпредметных связей в общем, и региональном экологическом образовании. // Региональные системы экологического образования. / Под ред. Л.П. Симоновой, А.Н. Захлебного, Н.В. Скалона. - М., Тобол. - 1998.- 144 с.
4. Сердюкова Н.С. Интеграция учебных, занятий в начальной школе //Начальная школа. – 1994. - № 11. - С. 22 - 26.
5. Бахарева Л.Н. Интеграция учебных занятий в начальной школе на краеведческой основе. // Начальная школа. -1991.- №8.- С. 48-51.
6. Колягин Ю.М., Алексеенко О.Л. Интеграция школьного обучения. // Нач. школа. -1990. - №9. – С.28.
7. Данилюк А.Я. Учебный предмет как интегрированная система// Педагогика. -1997.- №4.-С. 24-28.
8. Светловская Н.Н. Методика внеклассного чтения: Книга для учителя. - М.: Просвещение, 1991. – 207 с.

## Съвременните методи на преподаване

**\*А. С. Бакуова, \*\*А.Б. Калиева**

*\*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, магистрант*

*\*\*Торайғыров Университеті*

### **БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ**

Биотехнология бүгінгі басты ғылыми-практикалық бағыттардың бірі болды, осыған байланысты биотехнолог мамандығы жалпы ел экономикасы мен табыстылығын арттыруда аса маңызды рөл атқарады.

Шын мәнінде, мүлдем бір-бірімен байланысы жоқ ғылыми білімдер биотехнология арқасында байланыс табады: микробиология, өсімдіктер мен жануарлардың анатомиясы, биохимия, иммунология, жасушалы биологиясы, өсімдіктер мен жануарлардың физиологиясы, экология, генетика, биофизика, математика және басқа да көптеген жаратылыстанудың облыстары.

Дәл осы елеулі жетістіктері биохимия, молекулалық генетика, молекулалық биология деген іргелі зерттеулер саласындағы үлкен жетістіктерге соңғы жүзжылдықтың екінші жартысында қол жеткізді. Қалыптасқан қолайлы жағдай биология саласында қазіргі заманғы биотехнологияның дамуында қуатты серпіліс болды, өте маңызды практикалық қосымшалар нәтижелерін іргелі тартты [1,2].

Еліміздің ұлттық және әкімшілік-аумақтық дамуына білім алуға әлеуметтік тапсырысты есепке алуға негізделген. Қазіргі кезеңдегі білім беруді дамытудың ерекшелігі оқыту мен тәрбиелеуде биотехнологиялық мүмкіндіктерді пайдалану болып табылады [3,4].

Жаратылыстану пәндерін оқытуда білім беру мазмұнына биотехнологиялық білімдерді ендіру мәселесімен айналысқан әдіскер-ғалымдардың қатарында: Н.А.Нахова, Н.Н.Баранский, А.С.Барков, Л.Ф.Греханкина, Ю.С.Репринцева, С.В.Васильев, О.В.Скоркина, М.Д.Даммер, С.Н.Игошина, Ю.В.Кулешова, Т.А.Зорина, Е.Г.Терентьева, Е.А.Алексеева, П.В.Гора, Ю.К.Бабанский, З.Абасов, А.Азанбекова, Л.Ш.Арипбаева, А.Е. Әбілқасымова А.Е., Қуанышева С.Е.[5,6]. Ал, орта мектеп жүйесінде биотехнологиялық материалдарын пайдаланудың тиімділігі белгілі әдіскер-ғалымдар: Н.Д.Андреева, В.П.Соломин, И.Ю.Азизованың еңбектерінде кездеседі [7].

Білім мазмұнын жаңарту дегеніміз-білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқытудың әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыруды көздейді. Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне

көтеруді талап етіп отыр. Білім беруде болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойларын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін арттырады. Сондықтан елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Осыған байланысты, бастауыш, негізгі орта және орта білім беруде жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары әзірленді.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы қолданыстағы бағдарламадан өзгеше[8]. Біздің зерттеуіміздің міндеттерінің бірі-биология сабақтарында "биотехнология" бөлімінде қолдануға болатын ұғымдар мен терминдерді анықтау. Сондай-ақ, біз "Биотехнология" тақырыбы сабақтар өткізуді жоспарладық. Осы төңіректе төменде «Биотехнологияның даму тарихы. Негізгі тарихи кезеңдері» тақырыбындағы сабақ жоспарын қарастырайық.

**Сабақтың тақырыбы:** Биотехнологияның даму тарихы. Негізгі тарихи кезеңдері

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Биотехнологияның басты мақсаты жайында, оның даму тарихы, жеке өндірістік технологиялар, биологиялық ғылымның өзіндік бағыты жайында кеңінен мағлұмат беру.

**Дамытушылық:** Оқыту кезінде білім алушыларға түрлі тапсырмалар мен жұмыстар бере отырып, білім алушылардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

**Тәрбиелік:** Білім алушыларды өз беттерімен жұмыс жасауға, орындауға және де алған білімдерін іс-жүзінде қолдана білуге, сабақ үстінде ақпараттық-коммуникациялық технологиямен тиімді жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Жаңа білімді меңгерту.

**Сабақтың әдісі:** Баяндау, өз бетімен жұмыс әдісі, сұрақ-жауап

**Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивті тақта, слайдтар, үлестірімелі қағаздар, сурет-плакаттар.

**Пән аралық байланыс:** Химия, Экология

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі-Сәлемдесу, түгендеу, тазалықты, тәртіпті бақылау.  
II. Ұй тапсырмасын сұрау.

Менен сұрақ-сенен жауап!

*Ойынның шарты:*

Әрқайсысында 7 білім алушыдан 3 команда ойнайды.

- 1 Өсімдіктерді зерттейтін ғылым. \Ботаника\
- 2 Қазақстанның қызыл кітабы қашан шықты? \ 1981 жылы\
3. Қазақстанда қанша қорық бар? \ 9 \
4. Жасушаны ашқан ғылым? / Роберт Гук /
5. Шығу тегі, құрылысы, атқаратын қызметі ұқсас жасушалар тобы ? \ ұлпа\
6. Қарашірік, шымтезек қандай тыңайтқыштарға жатады? \органикалық\
- 7.Күн гүлі деп аталатын өсімдік ? \ күнбағыс \
8. Ең ірі жеміс? \ асқабақ \
9. Фотосинтез процесін ашқан ғылым? \ Тимирязов \
10. Жапырақтары түгелдей тікенге айналған өсімдік? \ кактус \
11. Жарықта өсімдік жапырағынада жүретін процесс ? \ фотосинтез\

III. *Жаңа сабақ.* Биотехнология-тірі ағзалар мен биологиялық әрекеттерді адамның мақсатына сай өндірісте қолдану болып табылады. Ең алғаш 1917 жылы Венгр инженері алғаш рет “биотехнология” терминін енгізді. 1941 жылдан бері кеңінен қолданылып, даму үстінде. Қазіргі уақытта биотехнология саласымен бірге, оның гендік инженерия, жасушалық инженерия және ферменттік инженерия тәрізді салалары барынша дамыды. Қазіргі биотехнологияның басты мақсаты-өсімдіктердің жаңа сорттарын, жануарлардың асыл тұқымын, микроорганизмдердің штаммаларын шығару.

Биотехнология-бұл пайдалы-шаруашылық мақсатта, медициналық тәжірибе үшін, экологияны жақсарту және т.б. үшін продуцент есебінде жануарлар, өсімдіктер және микроорганизмдерді қолданумен, технологиялық үрдістердің туындауымен, жетілдірумен байланысты ғылым. Гендік инженерия әдісі ағзаның бағалы қасиеттерін сақтап қалумен қатар, оған жаңа, сапалы қасиет те береді. «Инженерия» термині “құрастыру” деген мағынаны білдіреді. Гендік инженерия XX ғасырдың соңғы ширегінде ғана жасалды. Гендік инженерия әдісімен картопқоңыз жей алмайтын картоп өсімдігі шығарылды.

Ферменттік инженерия саласында өндіруден өте үлкен кіріс кіреді. Бұл-спирт, шырын және кір жуатын ұнтақтар өндіруге пайдаланылатын биопрепараттар, ферменттердің көп тонналы өндірісі.

Жасушалық инженерия әдістерінің арқасында сүтқоректілерді клондауда (жыныссыз жолмен ұрпақ алуда) үй хайуанаттарының жыныссыз жолмен ұрпағы Долли қойлары алынды.

IV. *Бекіту кезеңі* . “Зерек болсаң, шешіп көр”

“А” тобы

- Ежелгі уақыттан адамдар ағзаға қан құюдың маңызы бар екенін білген. Тіпті, Еж.Грецияда және Еж. Египет ескерткіштерінде қан құю туралы жазылған. Папа Римский Иннокентий VIII қартайған шағында өзіне үш

жасөспірімнің қанын құюды бұйырады. Ақыр аяғында папа да, жасөспірімдер де қайтыс болады. Себебін түсіндір?

*Эритроциттердің жабысуы. Қан топтарының сәйкес келмеуі.*

“В” тобы

- 1785ж атақты Итальян оқымыстысы Спалланцани бақаның өкпесін алып тастап не болатындығын бақылады. Бірақ ешқандай өзгеріс болған жоқ. Өкпесінен айырылған бақа өзінің қорегін аулап, секіріп ештеме болмағандай жүре берді. Бұл тәжірибенің нәтижесін қалай түсіндіруге болады?

*Ылғалды терісі арқылы тыныс алу*

“С” тобы

- «Крокодилдің көз жасындай» деген сөз бар. Крокодилдер жылай ма, неге?

*Жылайды-себебі олар ағзасындағы артық сұйықтықты көзжасы арқылы шығарады.*

*«Миға шабуыл»*

Бүгінгі сабақтан не білдім?	Білгім келеді?	Білдім, үйрендім?

Бекіту сұрақтары:

- Биотехнология дегеніміз не?
- Оның алдына қойған міндеттері қандай?
- Гендік инженерияның міндеттері қандай?
- Жасушалық инженерия немен айналысады?

Ү. Үйге тапсырма беру: «Биотехнология және оның негізгі бағыттары» тақырыбын оқып келу, қосымша материалмен толықтыру.

ҮІ. Сабақты қорытындылау, білім алушыларды бағалау.

Сабақтар «Биотехнология» материалдарының ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындап, оны орта білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың білімін арттырып, зерттеу жұмысымыздағы ғылыми болжамның дұрыстығын, ұсынылып отырған оқу материалдардың білім берудегі тиімділігін анықтауға көмегін тигізді. Бұл мектепте білім беруді жанаша құру және теориялық тұрғыдан толықтыра отырып, тереңдетуді қарастыру мүмкіндіктерін ашады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Беккер М.Е., Лиепиныш Г.К., Райпулис Е.П. Биотехнология. М.: «Агропромиздат», 1990. 436с.
2. Музафаров Е.Н., Чепурнова М.А. Введение в биотехнологию. М.: «Пищевая промышленность». 2008 г. 102с.



3. Егорова, Т.А. Основы биотехнологии: учебное пособие для высш. пед. учеб. заведений/ Т.А. Егорова, С.М. Клунова, Е.А. Живухина.-2-е изд., стер.-М.: Академия, 2005.-208 с.

4. Сельскохозяйственная биотехнология. Под редакцией В.С. Шевелухи,- М.: Высшая школа, 1998.-416с.

5. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру.-Алматы: 1994.-192б

6. Қуанышева С.Е. Биологияны оқыту әдістемесі.-Шымкент, 2000.-300б.

7. Суматохин С.В. Учебно - исследовательская деятельность по биологии в соответствии с ФГОС: с чего начинать, что делать, каких результатов достичь // Биология в школе. - М., 2014.- №4. - С.23-30.

8. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, №205 Жарлық. Астана, 01.03.2020 ж. //http:akorda.kz. 207б.

**Bissoltan L.A., Shayakhmetova M.N.**

*Karaganda university named after academician E. A. Buketov*

**PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR FORMATION OF FUNCTIONAL LITERACY OF ELEMENTARY SCHOOL STUDENTS IN THE KAZAKH LANGUAGE CLASS**

The subject "Kazakh language and literature" lays the foundation for providing general philological education to students as a whole system of studying the spiritual culture of the people reflected in language and literary creativity. The purpose of education is to educate a creative and active linguistic person by forming linguistic, speech and communicative competences on the basis of enriching the descriptive functional system of the language, norms of using language system tools, vocabulary, and syntactic structure. mastering the mechanisms of speech, the laws of forming a single sentence, the general culture of communication, the improvement of speech and creative use of language. This goal is determined by the need to increase the functional literacy of the society for the competitiveness of the younger generation.

« The subject "Kazakh language and literature" lays the foundation for the general philological education of students as a whole system of studying the spiritual culture of the people reflected in the language and literary creativity. The purpose of education is to develop a descriptive functional system of the language, to enrich the vocabulary, the syntactic structure of speech, to master the rules of forming connected sentences, to educate a creative and active linguistic personality by forming linguistic, speech, and communicative competences. general culture of communication, mechanisms for improving speech and creative use of language. This goal is determined by the need of the society to increase the functional literacy of the younger generation and its competitiveness. What is functional literacy?

Functional literacy is a person's ability to interact with the external environment and quickly adapt and serve it.

Forming functional literacy in the Kazakh language class is to provide the child with the level of knowledge, skills and skills that is considered the minimum necessary for the realization of his life, and further ensures the normal functioning of the student in social relations. in a certain social environment. Therefore, the school has a very important goal: not to prepare individually selected students for life, but to educate a competitive, mobile person who can quickly change his profession if necessary, master new social roles and functions. The solution of many problems depends on the professional skills of the teaching staff. The powerful potential of the Kazakh school should be its teaching staff. The teacher should be ready to use information and information technology tools in teaching, education and development of students. In order to form an informational culture in students, the teacher must have such a culture. Every teacher should understand his role in personality formation. One of the leading subjects of the humanitarian cycle in the school system is Kazakh language and literature. The goal of language teachers is to introduce pupils to the world of native words, to show children the wonderful depth of the Kazakh language, to make them fall in love with it for life. The task of the teacher is not to educate students, but to create conditions for them to acquire knowledge on their own.

I work as a teacher of Kazakh language and literature. During these years of work, as a teacher of the Kazakh language, I have come to the conclusion that the priority for me is to develop children's communicative skills through literacy, not the Kazakh language as their mother tongue. that we live in a multilingual society, it is considered very important to be able to express one's thoughts competently. I try to follow the pronunciation of each student

I actively use colorful reference schemes, role-playing games, lexical and semantic tables in my work. A positive result is the students' active participation in creating tables. For example, taking responsibility, making decisions, acting and working as a follower and leader in a group, hypothesizing, testing, helping others, learning and much more. There are many challenges, but concrete ways to overcome them are already visible. The nature of such classes changes radically. An atmosphere of mutual

trust, mutual assistance, cooperation is formed there. In such an environment, the child is calm and confident, which means he feels comfortable. Lessons will be more diverse, emotional, active and creative. With the development of science and technology, the requirements for education increase, their scope expands, and new qualitative features are formed. Therefore, we can say that a person's functional literacy is an indicator of his ability to adapt to the conditions of the micro-society. To form functional literacy, it is necessary to create a special educational environment not only in the classroom, but also outside the classroom. From the above, it follows that the effectiveness of teaching functional literacy depends on the teacher's readiness to use all the achievements of modern science, to develop skills and exercises that form a highly cultured person.

#### REFERENCES:

1. National action plan for the development of functional literacy in the Republic of Kazakhstan for 2012-2016.
2. The concept of 12-year secondary education in the Republic of Kazakhstan. Quality of pedagogical education: problems and the future of development.
3. Proceedings of the international scientific and practical conference, 2004. May 18-19 - KazNPU named after Almaty. Abay, 2004.

**М.ф.н. Абдыкаримова Г.М., Арман У. (студентка гр. С-22-1)**  
*Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова,*  
*Казахстан*

## **ОПРЕДЕЛЕНИЕ СУЩНОСТИ ПОНЯТИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ УЧАЩИХСЯ**

Передовые педагоги всегда считали, что на уроке дети должны трудиться по возможности самостоятельно, а учитель — руководить этим самостоятельным трудом, давать для него материал. Для формирования целостной и гармоничной личности необходимо систематическое включение ее в самостоятельную деятельность, которая в процессе особого вида учебных заданий — самостоятельных работ — приобретает характер проблемно-поисковой деятельности.

В чем же заключается сущность понятия самостоятельной работы учащихся?

Г.М.Муртазин даёт определение самостоятельным работам учащихся на уроке и считает, что такая активная познавательная деятельность всех учащихся класса, которая выполняется без непосредственного участия учителя, но по его заданию и в специально отведённое для этого время, при этом результаты самостоятельных и мыслительных, и моторных действий школьников выражаются во внешне контролируемых формах.

Он различает пять признаков самостоятельной работы:

- 1) выполнение по заданию учителя;
- 2) в специально отведённое время;
- 3) работают все учащиеся;
- 4) работа выполняется без непосредственного участия учителя;
- 5) познавательная деятельность включает как мыслительные, так и моторные действия [1].

М.А. Данилов основным критерием самостоятельной работы считает разрешение учащимися познавательных задач, проблемных ситуаций. Задача, считает он, «побуждает учащихся к самостоятельной работе, служит начальным моментом их мыслительного процесса» [2]. Учащиеся отыскивают новые пути их решения на основе приобретения новых и углубления старых знаний. Ход решения познавательной задачи обусловлен её содержанием, методами умственной деятельности ученика и системой имеющихся у него знаний, считает

Ю.А. Самарин. Успех зависит от организации самостоятельной деятельности, которая включает в себя правильное распределение времени на отдельные её этапы, чёткую формулировку задания перед учениками.

Б.П. Есипов (60-е г.г.) определил самостоятельную работу как «такую работу, которая выполняется без непосредственного участия учителя, но по его заданию в специально предоставленное время; при этом учащиеся сознательно стремятся к поставленной заданием цели, употребляя свои усилия и выражая результат умственных и физических действий». В его понимании самостоятельная работа характеризуется такими признаками как:

- наличие задания учителя
- наличие времени для выполнения
- наличие результата в виде устных, письменных работ
- необходимость умственного напряжения

И то и другое понимание самостоятельной работы правомерно. Однако второе более глубоко отражает суть данного явления.

